

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
«6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі  
Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы

### Есебі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйырығына сәйкес енгізілген өзгертулер мен толықтырулар «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже» бойынша Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ерекше мәртебесі бар жоғарғы оқу орны статусына ие болуына байланысты диссертациялық кеңестер дербес құрылды. Соған сәйкес «6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің төрайымы - география ғылымдарының докторы, профессор Каймулдинова Куляш Дуйсенбаевна Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы- ректор м.а. № 03-05/370 бұйырығымен қараша айының 03 күні 2020 жылы бекітілген.

Есеп келесі мәліметтерді қамтиды:

#### 1. **Өткізілетін саны туралы мәліметтер.**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы «6D011600 – География» диссертациялық кеңесте 24 мамыр 2021 жылы 1 кеңес отырысы өткізілді.

#### 2. **Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).**

Диссертациялық кеңес мүшелерінің саны 6, оның ішінде Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері – 0.

Диссертациялық кеңес құрамына бір реттік отырысқа «География, қоршаған орта және қызмет көрсету» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы PhD Ш.Лайсхановты кіргізуге рұқсат алынды, соған байланысты диссертациялық кеңес мүшелерінің саны 7.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанынан құрылған «6D011600-География» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін беру үшін диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрайымы г.ғ.д., профессор К.Каймулдинова докторант Н.Шакированың ғылыми кеңесшісі болуына байланысты:

Диссертациялық кеңесті кеңес мүшесі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «ЮНЕСКО тұрақты даму» кафедрасының меңгерушісі г.ғ.к., профессор м.а Т.Базарбаеваның жүргізуіне рұқсат алынды.

#### 3. **Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.**

1) **Шакирова Нуржанат Далеловна**, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

2) Усенов Нурбол Ергешович, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

**4. Есеп беру жылы бойына диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:**

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

**1) Шакирова Нуржанат Далеловна**

*Диссертация тақырыбы:* «Географиядан жаңартылған мазмұн жағдайында климаттық түсініктер негізінде қоршаған орта туралы білім қалыптастыру».

*Мамандығы:* «6D011600 – География».

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

*Қорғау тілі:* қазақша.

*Қорғау өтетін күні:* 24 мамыр 2021 жылы.

*Ғылыми кеңесшілері:*

*Каймулдинова Куляш Дуйсенбаевна* - география ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Жаратылыстану және география институтының директоры.

*Шетелдік ғылыми кеңесші:*

Julien Thorez - география ғылымдарының докторы, CNRS Франция ғылыми зерттеу орталығының зерттеушісі, Sorbonne Nouvelle профессоры.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

Қоршаған ортаны тану ерекшеліктері мен саналы көзқарасты қалыптастырудың негізі мектепте қаланады. Білім беру жүйесінің оқушылардың дүниетанымына ықпал ету мүмкіндігі жоғары. Осы тұрғыдан алғанда географиялық білімнің алдында географиялық қабық заңдылықтарын ескеретін географиялық ойлауды, қоршаған ортаның басты құрамбөлігі болып табылатын климат жайлы білім бойынша функционалдық сауаттылық қалыптастыру міндеттері тұр. Географиялық ойлау дағдысын жүзеге асыру арқылы қоршаған орта жайлы білімді қалыптастыруға болады. Соның ішінде қоршаған ортаның негізгі құрамдасы болып табылатын климатқа қатысты білім ерекше қарастыруды талап етеді. Білім беру мазмұнын өзгертуге және бағалауға бағытталған білім берудің жаңа түріне көшу жаңа мүмкіндіктер ашуда.

Жаңартылған білім бағдарламасында спиральды оқытуға көшумен байланысты оқу материалының мазмұны біршама өзгерді. Сыныптар мен оқу деңгейлеріндегі материалдың мазмұны мен күрделілік деңгейі артты. Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында оқу үдерісінің білім алушылардың климат туралы білімі мен біліктері олардың шығармашылық қабілеттері мен тұрақты танымдық қызығушылықтарын дамытуға және

өмірдің өзгермелі жағдайларында еркін бағдар алуына бағыт беретіндей ұйымдастырылуы зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді. Атмосфера тарауында қажетті климаттық білім мен дағдыларды қалыптастыру әдістемесін дайындау оқытудың тиімділігі мен білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Тәрбиелік мақсаттарды іске асыру үшін тақырыптық, жалпы және метапәндік құзыреттіліктер құруға және дамытуға бағытталған оқу процесінің әдістемелік аспектілерін жетілдіру қажет болып тұр. Нәтижесінде орта білім берудің мақсаттарына жету және географиялық мазмұнын жақсарту үшін географияның негізін құрайтын дидактикалық тәсілдерді іздеу қажет. Сондықтан көтерілген мәселелер - географиялық білім мен дағдыларды дамытуға дидактикалық тәсілдерді іздейтін және ғылыми жұмыстың маңызын анықтайтын диссертациялық зерттеудің өзектілігі айқын.

3) *диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Диссертациялық жұмыста келесідей жаңа және шынайы ғылыми нәтижелер алынған:

*Бірінші нәтиже* - географияны оқыту үдерісінде білім алушылардың климаттық түсініктер негізінде қоршаған орта туралы білімдерін қалыптастыру теориялық тұрғыдан негізделді;

*Екінші нәтиже* - климат және қоршаған орта туралы білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды;

*Үшінші нәтиже* - мектепте географиядан білім алушылардың климаттық түсініктер арқылы қоршаған орта туралы білімдерін қалыптастырудың әдістемесі даярланды және қысқа мерзімді сабақ жоспарларының (ҚМЖ) тиімділігін анықталып, теориялық тұрғыдан және эксперимент жүргізу барысында тексеріліп дұрыс екендігін дәлелдеп, мектепке ұсынған.

*Төртінші нәтиже* – Автор әзірлеген және ҚР БжҒМ ұсынған 11-сыныптың «География» оқулығына 2-бөлімнен тұратын «Әдістемелік нұсқаудың» автор жазған «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімдерінің қалыптастырушы тапсырмаларын жалпы білім беретін мектептердің оқу процесінде тиімді пайдалануды іске асырды.

*Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі* адамның іс-әрекет субъектісі ретіндегі философиялық ізгілендіру және білім беру ұйымдарында жүйелі тәсіл тұрғысынан педагогикалық үрдісті ұйымдастыру идеялары, тұлғаның дамуы туралы ілім, ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы, іс-әрекеттік теория, білім мазмұны теориясы, жаратылыстану пәндерінен білім берудің мазмұны мен әдістемесіне қатысты теориялар, оның ішінде «География» курсының оқытудың теориясы мен әдістемесі, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, еліміздің және алыс-жақын шетелдердің алдыңғы

қатарлы педагог-ғалымдарының зерттеу мәселесіне қатысты іргелі еңбектері, білім беру бағдарламалары.

*Зерттеудің практикалық маңыздылығы:* зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде кеңінен пайдалануға болады.

**2) Усенов Нурбол Ергешович**, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

*Диссертация тақырыбы:* «Жаңартылған білім мазмұны аясында оқушыларда экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруда тиімді педагогикалық технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері»

*Мамандығы:* «6D011600 – География».

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

*Қорғау тілі:* қазақша

*Қорғау өтетін күні:* 24 мамыр 2021 жылы.

*Ғылыми кеңесшілері:*

*Абдиманапов Бахадурхан Шарипович* - география ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, «География, қоршаған орта және қызмет көрсету» білім беру бағдарламасының профессоры.

*Шетелдік ғылыми кеңесші:*

*Марек Маевски* - Жер туралы ғылымдар кандидаты, Помор академиясы (Слупск қ, Польша).

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

Қазіргі қоғам дамуында білім беру қызметінің жоғары деңгейі, ақпараттық жүйенің дамуы және білімнің әлеуметтік әркелкіліктерге тәуелділігі маңызды қажеттіліктер болып табылады. Бұл өз кезегінде жоғары білімді адамдарды қажет етеді, адам білім алуды өмірінің маңызды стратегиялық бөлігіне айналдырып, өз құқықтарын жүзеге асыра алады және білім алу арқылы қоғамдағы орны мен рөлін өзгертеді.

Мектептегі білім берудің заманауи жүйесі жаһандық және аймақтық проблемалар мен дағдарыстарды шешуге ықпал ету үйрету. Мұнда әсіресе географиялық білімнің маңызы зор, ол өскелең ұрпақты білім мен білікпен қаруландырып, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға ықпал етеді.

Қазақстанның қоғамдық өміріндегі өзгерістер, жалпы білім беретін мектептегі кешенді қайта құру жағдайында мектеп пәндерінің, оның ішінде географияның мақсаттары, мазмұны мен құрылымы өзгерді.

Оқу материалының мазмұны айтарлықтай өзгерді, бұл спиральды оқытуға көшумен байланысты болды, содан кейін келесі сыныптар мен оқу деңгейлеріндегі материалдың мазмұны мен күрделілік деңгейі артты.

Географиялық материалды зерттеудің бұрын болған сабақтастығы бұзылды. Жалпы алғанда, бүкіл оқу циклі барысында географиялық материал мазмұнының барлық спектрі игерілгеніне қарамастан, дидактикалық аспект мәселелері маңызды проблемаға айналды. Осылайша, аталған проблемалар мен мақсаттар географиялық білім мен дағдыларды қалыптастырудың дидактикалық тәсілдерін іздестіруден тұратын диссертациялық зерттеу проблемасының мазмұндық мәнін құрайды және ғылыми жұмыс өзекті болып табылады.

*3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Диссертациялық жұмыста келесідей жаңа және шынайы ғылыми нәтижелер алынған:

*Бірінші нәтиже* - Жаңартылған мазмұндағы мектеп географиясының экономикалық және әлеуметтік компонентін біріктіруге мүмкіндік беретін экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтардың жалпыланған құрылымы құрастырып берген.

*Екінші нәтиже* - Оқытудың спиральді технологиясына сәйкес географиялық білім берудің мазмұндық және дидактикалық компоненттерінің тиімділігін анықтау үшін алдыңғы білім мен іскерлікті диагностикалау қажеттілігі ұсынылды және негізделіп нақтылаған.

*Үшінші нәтиже* - Жалпы білім беретін мектептегі оқушылардың экономикалық-географиялық сауаттылығы мен құзыреттілігі деңгейін арттыруға бағытталған белсенді педагогикалық технологияларды қолдану және қысқа мерзімді сабақ жоспарларының (ҚМЖ) тиімділігін анықтап, теориялық тұрғыдан және эксперимент жүргізу барысында тексеріліп дұрыс екендігін дәлелдеп мектепке ұсынылған.

*Төртінші нәтиже* - оқу процесінде экономикалық-географиялық ұғымдар мен терминдердің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі әзірленіп, оқу процесінде енгізген.

*Жұмыстың теориялық маңыздылығы:* Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы жаңартылған мазмұндағы географиялық білім берудің құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың географиялық мәдениетін және географиялық білім беруді модернизациялаудың қазіргі бағыттары аясында әлемнің географиялық бейнесін қалыптастыруда, экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтардың маңызды сипаттамаларын анықтап, негіздеумен айқындалады.

*Жұмыстың практикалық құндылығы:* Мектептегі география пәнінің жаңартылған мазмұнына сәйкес экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастырудың әдістемелік жүйесі дайындалды. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде, сондай-ақ география мұғалімдерін

қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде қосымша әдістемелік материал ретінде қолдануға болады.

**5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).**

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде география саласындағы және географияны оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерде елеулі үлес қосқан отандық ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздік шарттары ескерілді.

Рецензенттер докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негіздерін баса көрсетіп дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

1) Н.Д. Шакированың диссертациялық жұмысына келесі ресми рецензенттер тағайындалды:

*Касенов Солтанбек Капасович* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің «Экономика және туризм» кафедрасының доценті, мамандығы: 13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы.

*Токпанов Еркін Аипович* – география ғылымдарының кандидаты, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жаратылыстану кафедрасының қ.профессоры, мамандығы: 25.00.23 – Физикалық география және биогеография, топырақ географиясы және ландшафттар геохимиясы.

2) Н.Е. Усеновтің диссертациялық жұмысына келесі ресми рецензенттер тағайындалды:

*Саипов Абдимажит Аманжолович* – педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің физикалық және экономикалық география кафедрасының профессоры, мамандығы: 13.00.08 - кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі.

*Токбергенова Айгуль Абдугаппаровна* – география ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, мамандық шифры: 25.00.24 - Экономикалық, әлеументтік және саяси география.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.**

Жоқ.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:**

№	Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялар	6D011600 – География
1)	қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан);	2

2)	қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан);	-
3)	рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан);	-
4)	қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ны докторанттарынан).	-

Диссертациялық кеңестің төрайымы

К.Каймулдинова

Диссертациялық кеңестің хатшысы

Ж.Тилекова

" 31 " 12 2021 ЖЫЛ

